

Ж.К.Ержанова, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.М.Давлетова, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Мақалада ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді орналастыру мен мамандандырудың даму бағытына арналған, олардың жүзеге асырылуы барысы, тиімділігі және аймақтық ерекшеліктеріне қарай мамандандыру мәселері қарастырылған және статистикалық бағыттағы көрсеткіштермен белгіленген.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, егістік жер, өсімдік шаруашлығы, несиелеу.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешу үшін жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуеті пайдаланылған [1]. Осы Жолдау аясында аталмыш салада жаңаша бағыт - бағдар пайда болып, оның даму қарқыны еселенілді. Бастамалар бой көтеріп, соның ішінде ауыл шаруашылық кооперативтерін құру жер - жерде қолға алынды. Біздің Шыңғырлау өңірі де бүгінгі таңда 12 кооперация ашып, жетістікпен жұмыс істеп отыр. Ауылдық жерлерден өндірілетін ет пен сүт барлық өнімнің 60-70 пайызын құрайды. Оның жартысын жеке қосалқы шаруашылықтар өндіріп отыр. Барлық шаруашылықтардың басын қосып, біріктіріп, ауыл шаруашылық өнімдерін нарыққа шығара алатындай жағдай жасалды. Кооперациялардың тиімділігі шағын шаруашылықтардың өндірген өнімдерін кепілдендіріп өткізу және нарыққа немесе өңдеуші кәсіпорындарына жеткізу мүмкіндіктері мүлдем болмайды, әрі олар шығынды өтемейтін төмен сатып алу бағаларымен жұмыс істейді. Шығын көп болады - себебі тұқым, тыңайтқыш жанар - жағар май, жем сатып алғанда оның жеңілдетілген түрін ала алмайды. Шығын болған соң құрал - жабдық техникалардың жетпестігі туындалды. Өнімінің және мал басының аздығы, кепілге қояр мүліктің болмауы себепті мемлекеттік қолдау шараларына қомақты несие, инвестициялық көмек қаржы, жеңілдетілген несиелер алу қиын. Әрі шаруашылығында білікті маман агроном, мал дәрігерін ұстау қиынға соқты.

Ал, бірлескен кооператив арқылы көп мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Ауыл шаруашылығы техникасын, үдемелі өнім өндіру технологияларын бірлесіп пайдалану мүмкіндігі туды. Көтерме ортақ сатып алу, жанар - жағар май, тұқым, арамшөп жойғыштар, құрамда жем сатып алуға шығындары азайтылды. Ауыл шаруашылығы кооперативі мамандарынан тегін ақпараттық - консультациялық көмек алды. Кооператив қорын бірлесіп жұмсайды. Өсіріп, сатуға шығарған малдың әр басына демеу қаржы алды. Және де кооперативтердің өзінің жабдықтау және сервистік кооперативтері бар. Олар мысалы, жабдықтау бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін өндіріс үдерісіне қажетті ресурстар мен материалдармен қамтамасыз етеді: техника, жанар - жағар май, тұқым, тыңайтқыштар, улы химикаттар, азық жем, қосалқы бөлшектер, құрылыс және басқа да өндіріс материалдары жөнінде жұмыстанып отыр.

Ал, сервис жөніндегі кооперативтер осында мүшелікке кірген мүшелерге ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үдерісімен және сатумен байланысты қызметтер көрсетеді (агрохимиялық қызмет көрсету, сумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау, техниканы жөндеу және күту, телефонмен жабдықтау, мал басын асылдандыру және селекциялық қызметтер көрсету).

Ветеринариялық іс-шаралар тегін көрсетіліп, құрама жемді жеңілдетілген бағамен сатып алады. Жазды күні далалыққа мал жайғанда бақташыға еңбек ақысы кооператив қаржысынан төленеді.


Кооперативтің өзінің қоры болады. Кооперативтің жарна қоры және резервтік қоры болады. Жарна қоры міндетті үлестік жарна және қосымша үлестік жарна деп бөлінеді. Бірінші қорға жер, жылжымайтын мүлік нысандары саналады. Және де қосымша үлестік жарна қорына ауыл шаруашылық техникасы және мал кіреді. Ал, резервтік қорды айтсақ, бұл, табыстан бөлінген сомалар және қосымша жарна. Кооперацияның бірлескен нысандарын ұйымдастыру мүмкіншілігінен кооператив мүлкі туындайды. Бұл кооперативтік мүлік дегеніміз сүт қабылдау пункті, кооперативтік көкөніс қоймасы және көкөніс сұрыптау пункттері, малды бордақылау және кооперативтік мал соятын пункттер, кооперативтік азық цехтары.

Бірігіп үлкен кооперативтер құрған сайын ауылдың да әлеуметтік - экономикалық жағдайы дұрысталып, талай жетістіктерге жетіп жатыр.

Ауыл - аймақтардың дамуы тікелей ауыл-шаруашылық саласының қаншалықты өркендеуіне, өндірістің тиімділігіне, мал басы түрлеріне, сонымен қатар тұрғындардың белсенділігі мен ынтасына тікелей байланысты. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығымен айналысу Шыңғырлау ауданында қолға алынды. Мал ұстаған жекеден гөрі шаруашылық құрылымдарының саны 151. Негізінен, шыңғырлаулықтар мал тұқымын асылдандырып, ет өнімін өндіруге бет бұрды. 2017 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен көрсетілген қызметі 6381,6 млн. теңгені құрады, соның ішінде өндірілген өсімдік шаруашылығынан - 1770,9 млн.теңге, ал мал шаруашылығының өнімі - 4595,0 млн. теңге. Ауыл шаруашылық дақылдары себілген жер телімінің көлемі 2016 жылы 10835 гектарды құрады. Ал егінге келсек - 3647 гектар жерден дәнді дақыл орылып, 4980 тонна астық жиналды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда - 8,5 есе көп. Мал азығының мол қоры дайындалып, шөптің бітік шығуына орай 83800 тонна шөп жиылды. Жылқы саны - 4791, ірі қара - 23224, ешкі - 4263, қой 26404 - басты құрады. Оған қоса шаруашылықтарда шошқа мен құстар көбейді.

Лубен селолық Ақтөбе облысынан биыл 100 бас асыл тұқымды ірі қара сатып алды. Бұған дейін де мал өсіріп, өнімін тауарлап отырған шаруашылықтың қазіргі таңда 200-дей қойы, 20 жылқысы, 15 түйесі бар. 270 бас ірі қарасы жыл сайын өсім беріп отыр. Алмаз ауылдық округінде 12 шаруа қожалығы, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар. Шаруа қожалықтарының 1 егін егумен және мал өсірумен айналысса, қалғандары мал шаруашылығымен айналысады. Ағымдағы жылы қыстық мал азығы үшін 18000 га шөп шабылып, 800 тонна мал азығы дайындалды.

Округте ірі қара мал саны - 2409, қой-ешкі - 4685, жылқы – 421 бас, 2210 бас құс бар. «Жомарт» шаруа қожалығы 600 га жерге егіс алқабын салып, өнікті өнім алды. Жоспардағы мал дәрігерлік шаралары уақытылы атқарылып, ауруға шалдыққан малдар уақытымен тапсырылды.



Сурет 1. Ауылдық округтер бойынша ауыл шаруашылық жерлері (2016 ж.)

Көрсетілген суретте, егістік жерлер үлесі бойынша ең үлкен көрсеткіш Лубен ауылдық округ 10,6 мың га құрайды. Полтава ауылдық округ 6,6 мың га, Ащысай ауылдық округ 5,4 мың га, Алмаз ауылдық округ 3,8 мың га, Белогор ауылдық округ 3,6 мың га тең. Ең төменгі көрсеткіш Қарағаш 0,8 мың га және Шыңғырлау 0,1 мың га болып табылады. Бұл көрсеткіштер осы ауылдық округтердің мал шаруашылығына маманданғанын көреміз.


Кесте 1 - Шыңғырлау ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының жалпы саны

Мал шаруашылығы	01.01.2015 жыл	01.01.2016 жыл	01.01.2017 жыл	01.01.2017 жыл 01.01.2015 жылғы пайыздық қатынасы
Ірі қара мал	21551	23331	26834	124,5
Соның ішінде сиыр	11953	12283	13002	108,7
Қой мен ешкі	28595	30667	33137	115,8
Шошқа	175	180	341	194,8
Жылқы	4053	4791	5463	134,7
Түйелер	41	46	49	119,5
Құс	29237	29844	29850	102,0

Кестеде көрсетілгендей, 2017 жылы жалпы ауданда жануарлар мен құстар саны бойынша бірінші орында құстар 29850, 102% көрсеткішімен артып отыр, соның ішінде ең төмен көрсеткіш түйелер 119,5% пайызын құрады.

Лубен селолық Ақтөбе облысынан биыл 100 бас асыл тұқымды ірі қара сатып алды. Бұған дейін де мал өсіріп, өнімін тауарлап отырған шаруашылықтың қазіргі таңда 200 - дей қойы, 20 жылқысы, 15 түйесі бар. 270 бас ірі қарасы жыл сайын өсім беріп отыр. Алмаз ауылдық округінде 12 шаруа қожалығы, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар. Шаруа қожалықтарының 1 егін егумен және мал өсірумен айналысса, қалғандары мал шаруашылығымен айналысады. Ағымдағы жылы қыстық мал азығы үшін 18000 га шөп шабылып, 800 тонна мал азығы дайындалды.

Округте ірі қара мал саны - 2409, қой-ешкі - 4685, жылқы – 421 бас, 2210 бас құс бар. «Жомарт» шаруа қожалығы 600 га жерге егіс алқабын салып, өнікті өнім алды. Жоспардағы мал дәрігерлік шаралары уақытылы атқарылып, ауруға шалдыққан малдар уақытымен тапсырылды.



Сурет 2. Шыңғырлау ауданының жер алаңының құрылымы

Суретте жердің ең көп бөлігі, яғни 63,70 % шаруа қожалықтарына тиесілі, 36 % ауыл шаруашылық кәсіпорындарының иелігінде және 0,3 % үй шаруашылықтарының пайдасында. Яғни жердің жарты бөлігі шаруа қожалықтарында болғанын көреміз.

2017 жылдың желтоқсан айының соңындағы деректер бойынша Ақбұлақ ауылдық округінде ауыл шаруашылығы бойынша ірі қара - 2125 бас, соның ішінде сиыр – 105 бас, қой мен ешкі - 2296 бас, жылқы - 281 бас, құс – 5381 бас болып отыр. 2017 жылы алынған төл: бұзау - 721, қозы - лақ - 876, құлын - 81 бас болды. Шөп шабу округ бойынша 62000 центнерге жоспарланып, 88000 центнер мал азығы жасақталып алды. Ақбұлақ ауылдық округі бойынша бүгінгі таңда 10 шаруа қожалығы тіркеліп, оның 9 тұрақты жұмыс істеп отыр.

«Нұрсұлтан» шаруа қожалығы ірі қара малын асылдандыру бағытында өз қаражатына 2 бас абердин-ангшус асыл тұқымды бұқа сатып алды және «Мансур» Шыңғырлау несие серіктестігі арқылы 1-МТЗ 82 тракторын (пішен маялағыш, пішен шабатын машина және тырма) - 7 млн. 940 мың теңгеге сатып алып, 50 % субсидия арқылы қайтарылды.

«Жеңіс» шаруа қожалығы 2-МТЗ 82 тракторын «КазАгроҚаржы» Акционерлік қоғамы арқылы 7 жыл мерзімге лизингке алуға құжаттарын тапсырып, жұмыстанды. Ал, «Ақтау» шаруа қожалығы өз қаражаты есебінен заман талабына сай 1 мал қора тұрғызды. Бау - бақша өсіру мақсатында 3,5 га жерге картоп егіп, жақсы өнім алды. 2018 жығы 90 бас асыл тұқымды (ақ бас) қашар сатып алу жоспарланды.

2017 жылы жаңадан ашылған «Ағатан» қыстағындағы «Темирлан» шаруа қожалығы өз қаражатына 1 үй, 1 қорасын заманауи үлгіге салып, бұрын совхоздан қалған ескі су құбырын ондап, тазартып, өз күшімен іске қосқан. Алдағы уақытта тағы 1 мал қора салып, 90 бас қазақтың ақ бас асыл тұқымды бұқасын сатып алуды жоспарланды.

Округ бойынша мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағытына сәйкес, ірі қара малын асылдандыру мақсатында 4 ШҚ 529 басқа - 9 млн. 522 мың теңге демеу қаржы (субсидия) алған. Жаңадан ашылған «Әділет» шаруа қожалығы өз күшімен мал қора салып, субсидия алу бағытында жұмыстанды.

Жыл басында асыл тұқымды мал басын көбейту мақсатында «Құлан» бағдарламасы бойынша «Бірлік» шаруа қожалығы - 8 «Қушум» асыл тұқымды жылқысын және «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 328 бас «Еділбай» асыл тұқымды қой алды. «Бірлік» шаруа қожалығы - 10 асыл тұқымды бұқа сатып алған.

Аталған «Алтын асық» бағдарламасы бойынша «Мырзағара» шаруа қожалығы - 26 бас «Еділбай» асыл тұқымды қошқарларын алып келді.

«Жайлау» шаруа қожалығы шөп шабу орағын, 1 шөп буу пресін және «Ғайни» шаруа қожалығы МТЗ-82 тракторы мен 1 шөп буу пресін «КазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы лизингке сатып алып, пайдаланып отыр.

Бүгінгі таңда Ащысай ауылдық округі бойынша барлық жеке меншіктегі және шаруа қожалықтарындағы ірі қара - 2502, қой - 4794, ешкі - 221, жылқы - 546, құс - 2313 басты құрап отыр.

Белогор ауылдық округінде ауыл шаруашылығына бет бұрушылар көбейіп келеді. Мал басының артуымен қатар, өткен жылы мал басы да жақсы өнім берді. Мал шаруашылығында ірі қара мал басы - 2662 басқа жетті, сиыр - 1444, қой мен ешкі - 2164, жылқы - 1256, түйе-12, құс - 1767 бас.

Қарағаш ауылдық округінде ауыл шаруашылығы саласы бойынша тұрғындардың жеке ірі қара малы - 225 басқа, қой - ешкі саны - 190 басқа, жылқы - 119 басқа азайып отыр. Бұл көрсеткіштердің төмендеуіне өткен жылғы есеппен салыстырғанда 3 шаруа қожалығының қосылуы себеп болып отыр. Шаруа қожалықтарындағы ірі қара малы - 227 басқа, қой - ешкі - 552 басқа, жылқы - 120 басқа артқан. Қазіргі таңда округте 10 шаруа бар. 2017 жылы округте 23 шаруа қожалығы тіркелгенімен, бүгінгі таңда 14 шаруа қожалығы нақты жұмыс жасалып отыр. Мал басын асылдандыру мақсатында ауылдың қоғамдық малдарына 9 бас асыл тұқымды ақ бас бұқалар қосылды.

2017 жылы Лубен ауылдық округі бойынша жүз бас аналыққа алынған төл: ірі қара малы – 80 бас, қой – 90 бас, ешкі – 90 бас, жылқы – 66 бас және түйе 2 басты құрап отыр. 2017 жылы округте 13 жаңа МТЗ-80 тракторы, 8 пресс буушы, 2 шөп шапқыш (КТП-4) «КазАгрофинанс» мекемесі арқылы жеңілдетілген пайызбен несие арқылы алынды. 9 ақ бас бұқа асыл тұқымды бұқа сатып алынды.

Шыңғырлау ауданы орталығында орналасқан Шыңғырлау ауылдық округі аудан көлеміндегі ең басты ауылдық округ болып саналады. Шыңғырлау ауылдық округі бойынша барлығы 21 шаруа қожалығы тіркелген. Мал шаруашылығымен 12 шаруа қожалығы айналысады. Ал, егін шаруашылығымен «Жарас» шаруа қожалығы, көкөніс, бау-бақша өсірумен 1 шаруа қожалығы, жаз мезгілінде аудан халқына мал азығын дайындаумен 7 шаруа қожалығы айналысады. Округ бойынша өндірілген ауыл шаруашылық өнімдері: ет – 1152,8 тонна, жүн – 63,65 тонна, сүт – 4782,2 тонна, жұмыртқа – 1045,4 мың дана. 11 шаруа қожалығы субсидиямен қамтылуы үшін өздерінің малдарына сырғалау жұмыстарын жүргізіп, мәліметтерін ақпаратты жүйеге (электронды базаға) енгізіп, сәйкестендіру жұмыстарын жүргізді.

Шыңғырлау ауданында мал шаруашылығымен айналысып жүрген шаруашылық құрылымдарының көпшілігі ірі қара малының тұқымын асылдандырып отыр. Аудан халқында етті, сүтті мал басының өсімі артты. Ет өндіруші бағытта жұмыстанғандықтан малды асылдандыру жұмысында етті тұқымды ірі қара малына басымдық берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2003 жылғы 16 сәуір. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. // www.akorda.kz

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014–2018 жж. бойынша көрсеткіштері

3. Ауыл шаруашылығы дақылдары: биологиясы, агротехникасы [Мәтін] : ЖОО студ., магистрант., докторант. арналған электронды оқу құралы / Б. Н. Насиев. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2015.

4. "Экономика және менеджмент" пәні бойынша аграрлық мамандықтарының студенттеріне арналған жұмыс дәптері [Мәтін] / құраст.: Н. А. Ахметжанова, Ж. Б. Кенжин. - Электрон. дан. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2016.

5. Бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағының алдын - ала қорытындылары. - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының мал шаруашылығы. - Орал, 2016 ж.

РЕЗЮМЕ

В статье основное внимание уделяется направлению развития эффективного распределения и специализации сельскохозяйственного производства, его реализации, эффективности и специализации в зависимости от региональных спецификаций и определяются статистическими показателями.

RESUME

The article focuses on the direction of development of effective distribution and specialization of agricultural production, its implementation, efficiency and specialization depending on regional specifications and are determined by statistical indicators.

УДК: 005.342:658

Курманова Б.А., магистрант

Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ («ЖЕЛАЕВ АСТЫҚ ӨНІМДЕРІ КОМБИНАТЫ» АҚ МӘЛІМЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация

Мақалада өндеуші кәсіпорындардың әрекетін инновациялық ұйымдастырудың теориялық негіздері мен Батыс Қазақстан облысындағы өндеуші кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар «Желаев астық өнімдері комбинаты» АҚ-на ұйымдық-экономикалық сипаттама беріліп, өндірістік көрсеткіштеріне экономикалық талдау жасалып, өндеуші кәсіпорындар іс-әрекеттерін жетілдіруге байланысты ұсыныстар келтірілді.

Түйін сөздер: өндеуші кәсіпорындар, инновация, стратегия, инновациялық даму, акционерлік қоғам, экономикалық көрсеткіштер, бухгалтерлік баланс, ресурстар, ақша қаражаты

Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалды қоры, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Бұл сөздер Президент Н.Ә. Назарбаевтың халық-қа арналған жолдауында айтылған болатын. Өмір өзі көрсеткендей, шикізат сатуға бейімделген экономика құлдырауға бағытталған. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейтіп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан да, ғылымға және ғылыми – техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлуі тиіс. Міне, осы мақаланың өзектілігі болып табылады.

«Қазақстан – 2030» стратегиясының ең тұтқалы басымдылықтарының бірі экономиканың теңгерімді дамуының, жалпы ұлттық өнімн құрайтын шикізат-ты